

Қаратал ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар мен пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы

Алматы облысы Қаратал аудандық мәслихатының 2020 жылғы 14 қазандағы № 78-273 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2020 жылды 27 қазанда № 5720 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына, "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" 2020 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабы 2-тармағының 1), 2) тармақшаларына сәйкес, Қаратал аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, олардың шекті толу нормалары және де материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес;

2) Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Заңның 9-бабы 5-тармағына сәйкес пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары кемінде 800 метр арақашықтықта айқындалсын.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - Жетісу облысы Қаратал аудандық мәслихатының 16.02.2024 № 18-67 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қаратал аудандық мәслихатының "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, көлік және байланыс, тұрмыстық қызмет көрсету, сауда, қоғамдық тамақтану, халыққа әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету, занылық, құқықтық тәртіп, азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен мұдделерін қорғауды қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап құшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қаратал аудандық мәслихатының сессия төрағасы

R. Жапаркулов

Қаратал аудандық мәслихатының хатшысы

B. Смаилов

Қаратал аудандық мәслихатының 2020

Бейбіт жиналыстарды үйімдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, олардың шекті толу нормалары және материалдық-техникалық және үйімдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

№	Елді мекен	Б е й б і т жиналыстарды үйімдастыру және өткізу үшін арнайы орындар	Шекті толу нормалары	Материалдық-техни калық және үйімдастырушылы қ қамтамасыз етуге қойылатын талаптар
1	Бастөбе ауылы	"Қаратал ауданы Әкімінің аудандық Мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кесіпорнының алдындағы алан, Комаров көшесі, 3	300 адам	- жарықтандыру; - электр қуат көзіне косылу нұктесімен қамтамасыз ету; -бейнебақылау және бейнетүсірілім камерасымен қамтамасыз ету.
2	Үштөбе қаласы, Бастөбе ауылы	Шеру м е н демонстрация маршруты – Абылай хан және Қабыл иса ақын көшелерінің қиылсысынан Қабыл иса ақын көшесінің бойымен Қабыл иса ақын және Бауыржан Момышұлы көшелерінің қиылсына дейін, әрі қарай Бастөбе ауылындағы Комаров көшесіне онға бұрылып, одан әрі Комаров көшесімен "Қаратал ауданы Әкімінің аудандық Мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кесіпорнының алдындағы аланға дейін	350 адам	- маршрут бойындағы көшениң жарығы бар; - бейнебақылау және бейнетүсірілім камерасымен қамтамасыз ету.

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі

Осы бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі Заңның 8-бабына сәйкес өзірленді және бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін айқындайды.

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар – Қаратал ауданының жергілікті өкілді органы бейбіт жиналыстар өткізу үшін айқындаған жалпыға ортақ пайдаланылатын орындар немесе жүру маршруты.

Бейбіт жиналыстарды өткізуге арнайы орындарда - сипатына қарай бейбіт, күш қолданылмайтын және қаруланбайтын, мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, халықтың имандылығын, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделеріне қатер тәндірмейтін болып табылатын, Қазақстан Республикасының азаматтараты жиналыс, митинг пен демонстрация, шеру мен пикеттеу нысанында өткізетін жария іс-шара.

Занды бұза отырып, жиналыс, митинг, демонстрация, шеру және пикеттеу өткізуге тыйым салынады.

Төтенше, соғыс жағдайы немесе терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимі енгізілген кезде олардың қолданылу кезеңінде бейбіт жиналыстар өткізуге "Төтенше жағдай туралы", "Соғыс жағдайы туралы" және "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тыйым салынуы немесе шектеу қойылуы мүмкін.

Бейбіт жиналыстарды бейбіт жиналыстар өткізілетін күні әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті уақыты бойынша сағат 9-дан ерте бастауға және сағат 20-дан кеш аяқтауға болмайды.

Бейбіт жиналыстар өткізу үшін арнайы орындарды пайдаланған кезде ұйымдастырушылар және қатысушылар Заңның 5 және 6-баптарының талаптарын сақтау қажет.